

## Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2017 жылғы 24 қаңтардағы № 11 шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2020 жылғы 21 сәуірдегі № 56 шешімі

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2017 жылғы 24 қаңтардағы № 11 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақтың бірыңғай нормативтік-анықтамалық ақпарат жүйесі ресурстарының құрамына кіретін анықтамалықтар мен сыныптауыштарды құруға және жүргізуге байланысты жұмыстарды үйлестіру жөніндегі жұмыс тобы туралы ереженің 8-тармағына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті**:

1. Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2017 жылғы 24 қаңтардағы "Еуразиялық экономикалық одақтың бірыңғай нормативтік-анықтамалық ақпарат жүйесі ресурстарының құрамына кіретін анықтамалықтар мен сыныптауыштарды құруға және жүргізуге байланысты жұмыстарды үйлестіру жөніндегі жұмыс тобы туралы" № 11 шешімінің 3-тармағының бірінші абзацы мынада редакцияда жазылсын:

"3. Ішкі нарықтар, ақпараттандыру және ақпараттық-коммуникациялық технологиялар жөніндегі Алқа мүшесі (Министр) Г.Л.Варданян жұмыс тобының жетекшісі болып тағайындалсын."

2. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия  
Алқасының Төрағасы*

*М. Мясникович*